

- қатысушылар кейде берілген тақырыптан ауытқып кетеді;

- барлық идеялар мен ұсыныстардың логикалық байланысын бақылап, жазуды жүргізу қиынға соғады.

Қорыта айтқанда, орыс тілді аудиторияда қазақ тілін үйрету, дамыту, жетілдіру мақсатында қолданылатын әдістердің бірі ретінде дебат технологиясын сабақта қолдану студенттің өз бетінше, дербес ізденуіне жол ашады, тіл үйренушінің танымдық өрісін дамытады, белгілі бір мәселелерді шешуде өз бетінше әрекет жасауына ықпал етеді.

1. Современные образовательные технологии. Учебное пособие. Москва, 2011.

2. А. Алдашев, Ж. Әлімханов. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. Алматы, 1992.

3. Захарова И. Г. Информационные технологии для качественного и доступного образования. Педагогика. 2002, №1.

4. Герасимов Г.И., Иллюхина Л.В. Инновация в образовании. – Ростов на Дону, 1999.

\*\*\*

В статье рассматривается технология дебатов в процессе преподавания казахского языка.

\*\*\*

In article the technology of debate in process teaching the Kazakh language is considered.

*А. С. Жанбиршиева, А. Қ. Мамбеталиева*

## СИНТАКСИСТІК ҰҒЫМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮЙЕСІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Қазақ тілі әдістемесінде күні бүгінге дейін аз зерттелген мәселелердің бірі – синтаксистік ұғым қалаптастыруда жаттығулар жүйесінің алатын орны мен маңызы. Жаттығулар – бір мақсатқа бағытталған, өзара байланысты әрекеттердің тұтастығы. Ол әрекеттер тілдік және ой операциясының күрделенуіне байланысты бірінен соң екіншісі орындалады. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаттығулар жүйесін түріне, тәсіліне, типіне, мақсатына қарай жіктей келе, Н.Ж.Құрманова жаттығуларды негізінен «тілдік» және «сөйлеу» жаттығулары деп топтастырады және жаттығулардың қазіргі кезде 30 шақты түрі бар дейді [1, 63 б.]. Бастауыш сыныпта қазақ тілі сабақтарында оқушыларда синтаксистік ұғым қалыптастыру үшін оқулық бойынша төмендегідей жаттығу түрлерін орындатуға болады. Мысалы

### **Оқушылардың түсінігін бақылау.**

177-жаттығу. Бағандарды салыстыру.

1. Екі бағанды салыстыру.
  2. Қай бағандағы сөздер сөйлем емес?
  3. Қай бағандағы сөздер сөйлем емес?
  4. Неліктен?
  5. Сөйлемдерді көшіріп жаз.
- Сергіту сәті: 1 минут.

Бірігіп түгел сынып  
Көтерілдік биік,  
Бойларыңды тік ұста,  
Қисаймасын иық.  
Тағы отырып, тұрып,

Қозғала түс, шынық.  
Бәрін жасап болсаңдар,  
Отыр да, енді тынық.

### **Кітаппен жұмыс.**

178-жаттығу. Жатқа жазу сәті.

### **Топтық жұмыс.**

I-топ: Сөйлемдер дұрыс құрылған ба? Түзетіп қайта жаз.

II-топ: Сөйлемдердің орны дұрыс па? Рет санын қарындашпен белгіле.

III-топ: Берілген екі сөйлемнің байланысын тап.

### **«Бес жолды өлең» құрастыру.**

1. Қыс.
2. Салқын аяз.
3. борайды, жауады, үскіреді.
4. Қыс мезгілі қандай тамаша!
5. Суық мезгіл.

VIII. Венн диаграммасы.

Мәтін мен сөйлемнің ортақ қасиеттерін топтастыру.

### **Үйге тапсырма. 180-жаттығу.**

#### **Жаттығу**

Үстаздан шәкірт озар.

Күш білімде.

Талаптаға нұр жауар.

Жалаң жіне жайылма сөйлемнен тұратын мақалдарды көшіру.

Сөйлем мүшелеріне талдау.

Білім туралы мақалдар айту.

Дарынды оқушымен жұмыс.

Берілген сызба бойынша тиісті сөйлем мүшелерін жазу.

30 – жаттығуда «Ерулік» мәтіні түсініп оқылып, әрбір сөйлемнің бастауышы таптырылады.

### Ерулік

Біздің ауылға біраз үй көшіп келді. Оларды жұрт қуанып қарсы алды. Күн сайын әр үй қонаққа шақырып, ерулік берді. Домбыра тартылады, ән айтылады. Жұрт бір-бірімен әзілдесіп, көңілді отырды. Монғолиядан көшіп келген туыстарды біз осылайша қарсы алдық. («Балдырған» журналынан)


Тапқан бастауыштары кестеге толтырылады.

31 – жаттығуда берілген «Күз дәнімен көрікті, Қыс қарымен көрікті» мақалы жатқа жаздырылып, бастауыштары таптырылады.

### Операциялық-орындаушылық кезең.

#### Оқулықпен жұмыс.

36 – жаттығуда Ермек Өтетілеуовтің төмендегі өлеңі көшіріп жаздырылады:



### Рефлексиялық-бағалау кезеңі.

Міндетті емес бөлікте берілген 38, 39 – жаттығуларды осы кезеңде пайдалануға болады.

Бастауыш сыныптарда жаттығу түрлері мәтін арқылы іске асады. Мысалы: 56 – жаттығуда мәтінмен шығармашылық жұмыс ұйымдастырылады:

1. Мәтінді оқу.

2. Мәтінді суреттер арқылы ары қарай жалғастыру.

3. *Оспан қандай оқушы?* Сұрағына жауап беру. Жауап болатын сөйлемнің бастауышы мен баяндауышының зат есімнен болуы.

**Тіл дамыту жаттығуы.** Мәтін мазмұнының одан ары өрбу барысын болжау парадигмалық (синтагмалық) ассоциативті байланыста құрылады.

### 1. Мәтіннің алғашқы екі азат жолын (абзацын) мұғалімнің оқуы:

Екі дос үй-үйдің арасымен әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі – Ақселеу де, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын.

Бір үйдің жанынан өте бергенде, дәу қара төбет абалап үріп шыға келді...

#### 1.1. Бірінші кідіріс.

Тырсы-тырсы!

Жаңбыр кеп жауады,

Тамшылар тамады.

Тырсы-тырсы!


Жапырақ жылайды,

Жардан су құлайды.

Қарамен жазылған *жауады, тамады, жылайды, құлайды* сөздеріне сұрақ қойдыру және бұл сөздер сөйлемнің қай мүшесіне қатысты екенін сызбамен көрсету.

Үлгі: Тамшылар тамады.

37 – жаттығуды «Тауып айт» ойынын ойнату арқылы ұйымдастыруға болады. Ойынның шарты: Сынып төрт топқа бөлініп, берілген сөздерге қатысты қимылды білдіретін сөздерді табу тапсырылады және бұл сөздердің қандай мүше болып тұрғаны анықтатылады. Қай топ бірінші, әрі дұрыс орындаса, сол топ жеңімпаз атанады.



Ары қарай не болды деп ойлайсындар? Балалар не істеді? (Балалар Ақселеу мен Абыздың итпен кездесуінде не болғаны жөнінде әңгімелейді.)

### 1.2. Мәтінді ары қарай жалғастырып оқу.

- Ақселеу, қаш, әне, ит келіп қалды! – деп Абыз айғайлап жүгіре жөнелді.

Ақселеу жерден бір шыбық алып, қашпастан итке қарсы ұмтылды. Айбат шекті. Көршілер келіп, Ақселеуді айырып алды. Бірақ оның шалбары жырым-жырым болды.

### 1.3. Оқушылардың жауабын мәтінмен салыстыру.

А.Байтұрсынов мәтін туралы былай дейді: «Дүниедегі нәрсенің қайсысы туралы сөйлесек те, бір жағынан ғана емес, әр жағынан алып сөз қылуға болады. Мәселен, бір адамды сөз қылуға алсақ, я ол адамның істеген ісін. Айтқан сөзін әуезе қылып сөйлейміз, я тұлға-түрпатын, кескінін, көркін айтып, пернесін әліптеп сөйлейміз, я болмаса ол адамның істеген істерінің, өзінің жақсы-жаман болғанының мәнісін, себебін тексере, байымдай сөйлейміз. Осыған орай сөйлеген сөзіміздің түрі не әуезе, не әліптеме, не байымдама болып шығады» [2, 121 б.]. Бұл тұжырымдамадан шығатын қорытынды, мәтінімен

жұмыс істеу оқушыны ойлауға салыстыра білуге, аңғарымпаздылыққа және бақылампаздылыққа үйретеді.

Қорыта келе, бастауыш сыныпта синтаксистік ұғым қалыптастырудағы жаттығулар жүйесін тілдік әрі әдістемелік тұрғыда зерделеу болашақтың ісі деп білеміз.

1. Құрманова Н. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі син-

таксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дис. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2004. –345 б.

2. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. –Алматы: Жазушы, 1989. –320 б.

\*\*\*

В статье рассматривается роль синтаксических умений на примере тренировочных упражнений.

\*\*\*

Role of syntactic skills on the example of training exercises.

*Р. Т. Изгуттинова, М. Ж. Хусаинова*

## ОРЫС ТОПТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Өркениетті елдер қатарына көтерілу – егеменді еліміздің алғышарты. Қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын, рухани бай, жан-жақты болуды талап етеді.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, мінез деген қасиеттермен озады» деген ұлы Абай. Озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Сондықтан қазіргі білім берудің басты мақсаты - жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Қай заманда болмасын алға жетелейтін күдіретті күш білімге ғана тән.

Қазақ тілін орыс топтарында оқыту әдістемесінің мақсаты - сөйлей білуге, өз пікірін өзгеге жеткізе білуге, тіл қорын дамытып, қазақ тілін қатынас құралы ретінде пайдалана білу екендігі баршамызға аян. Бұл мақсатқа жетуде қазіргі таңда орыс топтарында қазақ тілін оқытудың өзіндік әдіс-тәсілдерін қарастырған көптеген еңбектер жарық көруде. Бүгінгі күні қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретеміз деп, мұғалімдер бүкіл сабақты қазақ емес ұлт өкілдеріне арнап, қазақ студенттеріне жеңіл-желпі тапсырма беріп, соны сұраумен шектелуде. Орыс топтарындағы қазақ студенттерінің ана тілін ары қарай тереңдетіп оқытылуы ақсап тұр.

Педагог К.Д.Ушинский «развивать в детях дар слова-значит почти то же самое, что развивать в них логичность мышления» [1] деген екен. Олай болса, бүгінгі қазақ жастары студенттерінің, болашақ зиялы қауымның қаншалық іскер, қабілетті, білімді болып шығуы оқытушының тілді қалай меңгертуіне, оқытуына байланысты екені ескерілсе, оқытушы жүгі ауырлай түспек. Сондықтан ұстаз алдында еліміздің болашағы тұр.

Ыбырай Алтынсарин: «Жақсы мұғалім маған әр уақытта қымбат, өйткені, ол мектептің жүрегі» - [2,219] десе, А.Байтұрсынов: «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам, әуелі балаға үйрететін нәрселерін өзі өте жақсы білерге керек. Екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танытын адал боларға керек. Оны білуге туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынан хабар аларлық болу керек», - [3,448] деп, сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі оқытушының рөлін баса көрсеткен.

Орыс топтарындағы қазақ балаларының ана тілдерін тереңдетіп меңгерту, олардың бойындағы қабілетін көру, оны жетілдіру, ізденгіштік қасиеттерін дамыту – оқытушының сабақ берудегі шеберлік, ізденушілік қабілетіне байланысты. Бұл мақсатқа жету үшін мұғалім оқушылардың дара тұлғалық қабілеттерін ескере отырып, олардың әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, өздеріне деген сенімдерін арттырып, шығармашылықпен жұмыс істеуі қажет.

Шығармашылық тұлға қалыптастыру қазіргі оқу процесінің ең басты талаптарының бірі. Мұғалім сабақты дұрыс жоспарлап, сабақ берудің жаңа технологиялық үлгілерін, әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана білсе ғана көздеген мақсатына жете алмақ. Ал, шығармашылық жұмыстар сабақтың нәтижелі болуына бірден-бір себепті әрекет. «Шығармашылық» сөзінің төркіні, этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келеді. Шығармашылық адамға ғана тән құбылыс. Дегенмен де, ол адамның еңбек етуін, дамуын және шығармашылық қабілеттерінің туындауын талап етеді. Шығармашылықтың дамуына ең негізгі және ең қажетті жағдай-